

реттерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлімі "құжаттарында" деген сөзден кейін "немесе заңнамалық актілерде" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлімнің бірінші сөйлемі "Жауапкершілігі" деген сөздің алдынан "Осы Кодекспен көзделген реттерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 193-1 баппен толықтырылсын:

"193-1. Стратегиялық объектілер.

1. Қазақстандық қоғамның орнықты дамуы үшін әлеуметтік- экономикалық маңызы бар және онымен иелену, пайдалану және оған билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін мүлік стратегиялық объект болып т а б ы л а д ы .

2. Магистральдық темір жол желілері; магистральдық мұнай құбырлары; магистральдық газ құбырлары; ұлттық электр желілері; магистральдық байланыс тораптары; ұлттық почта желісі; халықаралық әуежайлар; халықаралық маңызды мәртебесі бар теңіз порттары; әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғылары; кемелердің қауіпсіз жүрісін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, атом энергиясын пайдаланатын объектілер; ғарыш саласының объектілері; меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері), сондай-ақ меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалардың шешімдерін тікелей және жанама айқындауға мүмкіндігі бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) стратегиялық объектілер тізбесіне қосылуы мүмкін.

Жанама тиістілік басқа заңды тұлға акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлесі) әр аффилиирленген тұлғаға тиісті екенін білдіреді.

Стратегиялық объектілер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік және жеке меншікте болуы мүмкін.

3. Стратегиялық объектілерді үшінші тұлғалардың құқықтарына жүктеу не оларды иеліктен шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін тәртіппен мүмкін болады.

4. Стратегиялық объектілер жеке меншікте болған жағдайда және меншік иесінің осы объектіні сату ниеті болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі стратегиялық объектілерді нарықтық құны бойынша сатып алудың басым құқықтарына ие болады.

Стратегиялық объектілердің нарықтық құны бағалау қызметі туралы заңнамаға с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектілерді сатып алуының басым құқықтарын пайдалану тәртібі заңнамамен белгіленеді.

5. Егер стратегиялық объектінің меншік иесі осы баптың 3 және 4-тармақтарының талаптарын бұзса, мұндай мәмілелер оларды жасаған сәтінен бастап жарамсыз деп

т а н ы л а д ы . " ;

3) 216-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Осы баптың ережелері стратегиялық объектілерді иеліктен шығару кезінде қ о л д а н ы л м а й д ы . " .

2. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 24, 25-құжаттар; N 8, 45-құжат; 2007 ж., N 4, 28-құжат):

31-баптың 1-тармағының бірінші сөйлемі "Жауапкершілігі" деген сөздің алдынан " Заңнамалық актілерде көзделген реттерді қоспағанда," деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 173-құжат; 2000 ж., N 5, 115-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат):

1) 11-бап мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"3-1) мыналардың тізбелерін қалыптастырады:

ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген немесе оларда бар стратегиялық объектілердің;

мемлекет аффилиирленбеген заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы стратегиялық объектілердің;

3-2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы стратегиялық объектілер жөнінде комиссия ұсынымдарының негізінде жеке және заңды тұлғаларға тиесілі Қазақстан Республикасының мүддесіне қауіп туғызуы мүмкін стратегиялық объектілермен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

3-3) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы стратегиялық объектілер жөнінде к о м и с с и я н ы құрады .

4. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 55-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат; 2006 ж., N 10, 52-құжат; N 16, 99-құжат; 2007 ж., N 4, 28, 33-құжаттар; "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбекті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы

15 мамырдағы Заңы " Е г е м е н

Қазақстан" 2007 жылғы 22 мамыр N 132-135 (24710) газетінде жарияланған):

14-баптың 1-тармағының 9)-тармақшасы "осы" деген сөздің алдынан "заңнамалық актілерде көзделген реттерді қоспағанда,".

5. "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 21-22, 150-құжаттар; 2007 ж., N 2, 14 - құжат) :

13 баптың 16 тармақшасы мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

13-баптың 16) тармақшадағы "ұсынымдары," деген сөзден кейін "оның ішінде стратегиялық объектілерді иелену және/немесе пайдалану және/немесе билік етуді жүзеге асырудың заңдылығы мен орындылығы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті